

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 310 (2016), 238 – 241

G.A.Abenova

Kyzylorda state university after Korkyt Ata

gumanai@mail.ru

RUSSIAN SCIENTISTS ABOUT NEOLOGISM

Annotation. Changings in public life have a great impact on the development of language. Achievements in science and technology, socio-economic changes generate neologisms which represent new concepts. The article is considers to comparative analyses of scientific issues about a special type of the vocabulary neologisms. In this article definitions of Russian scientists about neologisms are differentiated, and there is made a conclusion about the sings of neologisms, and the ways of their appearance.

Keywords: neologism, neology, lexical unit, the history of language, stylistic function of neologisms, conversion, public use.

ӘОЖ 323.329:801.316.1:809.434.2

Г.Ә.Әбенова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

ОРЫС ҒАЛЫМДАРЫ НЕОЛОГИЗМ ЖАЙЫНДА

Аннотация. Қоғам өміріндегі үлкен өзгерістер мен тарихи жағдайлар тілге өз әсерін тигізбей қоймайды. Ғылым мен техниканың өркендеуі барысында, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер негізінде қалыптасқан жаңа тілдік бірліктер неологизмдер деп аталатыны белгілі. Мақала сөздік құрамның ерекше түрі – неологизмдер жайындағы ғылыми ой-пікірлерге салыстырмалы шолу жасауға арналған. Мақалада шетелдік ғалымдардың неологизмдер туралы анықтамалары сараланып, неологизмдерге тән белгілер, олардың пайда болу жолдары туралы өзіндік тұжырым жасалады.

Түйін сөздер: неологизм, неология, лексикалық бірлік, тіл тарихы, неологизмдердің стилистикалық қызметі, конверсия, жалпыхалықтық қолданыс.

Тілдің дамуы барысында пайда болып, жаңа түсініктерге анықтама беретін немесе қалыптасқан атауларға басқаша жаңа атау беретін, оқырманға жаңашылдығымен әсер ететін тілдік бірліктерді неологизмдер деп атау – тілде қалыптасқан дәстүр. Бұл идеяны ғалымдар көбіне А.Ф. Михельсонның 1865 жылы шыққан шет тілдер түсіндірме сөздігінде берілген: «Неологизм – грек тіліндегі нео – жаңа, logos – сөйлеу, ілім» – деген анықтамамен байланыстырады [1,65], яғни қазіргі қолданыста «жаңа сөз, тілдегі жаңалық» деген мағынаны білдіреді. Алайда, «неологизм» түсінігінің нақты, дәлме-дәл анықтамасы мен белгілі бір сөздік бірліктерді неологизм деп тану қағидаларына қатысты мәселелер қазіргі күнге дейін шешімін толық таба қоймаса да, белгілі бір ортақ көзқарастардың бар екенін мойындауымыз керек. Бұл төмендегі талдауларымыздан бай-қалады.

Өткен ғасырдың 50-60 жылдары Кеңес дәуірінде ғылым мен техниканың дамып, өркендеуіне, қоғамдағы өзгерістерге байланысты пайда болған жаңа түсініктер мен атауларды, яки «неологизмдерді» зерттеу қажеттілігі арта түскені белгілі. Осыған байланысты орыстың лексиколог-ғалымдары бұл мәселеге баса назар аудара бастады. Әсіресе бұл жұмыс лексикография саласында аса жиі көрініс тапты.

Мәселен, 1956 жылы шыққан «Үлкен Кеңес энциклопедиясында» неологизм «тілдегі жаңа сөздердің атауы» дегенді білдіретін термин ретінде ғана қолданылған [2,428] болса, О.С.Ахманованың «Лингвистикалық терминдер» сөздігінде неологизм былайша сипатталады: «Новое слова и выражение, не получившее прав гражданства в общенародном языке и потому воспринимающееся как принадлежащее к особому, нередко сниженному стилю речи» [3,261]. Бұл анықтамаға сүйенсек, «неологизмдер – жалпыхалықтық тілде өз орнын тауып үлгірмеген, сондықтан көп жағдайда сөйлеу стилін төмендететін жаңа сөздер мен ұғымдар».

В.В. Лопатин неологизмдерге төмендегідей анықтама береді: «Неологизмы воспринимаются как новые до тех пор, пока обозначаемые ими предметы, явления действительно сохраняют черты ошутимой новизны» [4,20]. Ғалымның ойынша, жаңа сөздер жаналық қасиеттерін өздері атайтын заттар мен құбылыстардың жаналығы жойылғанға дейін ғана сақтай алатын тәрізді. Осыған қарағанда, тіл дамуының белгілі бір кезеңінде неологизм болған сөздер қоғамдағы өзгерістерге байланысты неологизм болмай қалуы әбден мүмкін.

Д.Э.Розенталь мен М.А.Теленкованың авторлығымен шыққан «Словарь-справочник лингвистических терминов» (1985) сөздігінде неологизмге берілген анықтамада: «Неологизм (от греч. *neos* – новый + *logos* – слово, понятие) слово или оборот речи, созданные для обозначения нового предмета или выражения нового понятия. После того как слово входит в широкое употребление, оно перестает быть неологизмом. *Неологизм стилистический*. Неологизм, созданный автором данного литературного произведения с определенной стилистической целью и обычно не получающий широкого распространения, не входящий в словарный состав языка», – делінген [5, 143]. Бұл анықтамада да жоғарыда айтылған пікірлердің негізі сақталынған.

1990 жылы жарық көрген «Лингвистический энциклопедический словарь» аталатын сөздікте берілген түсінік «неологизмді» былайша анықтайды: «Неологизмы (от греч. *neos* – новый и *logos* – слово) – слова, значения слов или сочетания слов, появившиеся в определенный период в каком-либо языке или использованные один раз («окказиональные» слова) в каком-либо тексте или акте речи. Принадлежность слова к неологизму является свойством относительным и историчным...» [6,331]. Жоғарыда берілген анықтамаларға қарағанда бұл анықтаманың ерекшелігі – айтылған түрлі пікірлерді бір ұғымға жинақтап, ортақ толық тұжырым жасауында деп білеміз.

Бірсыпыра орыс ғалымдары неологизмдердің пайда болуын тілдің тарихымен тығыз байланысты қарастыра отырып, тілдегі сөздердің жаңа мағынаға ие болуы неологизмдердің басты белгісі деп есептейді. Мысалы, ғалым А.Г.Лыков өз еңбегінде: «Генетическим стержнем и принципиальной основой понятия неологизма является качество новизны слова» – деген тұжырым жасайды [7,99]. Расында да, қандай болмасын тілдік бірліктің пайда болуын тарихи тұрғыдан қарастыру жөн деп есептесек, неологизмдерді де тарихи құбылыс деп қарастырған орынды болады.

«Тіліміздегі жаңа ұғымдар мен атаулар қаншалықты жаңа ұғымды береді», «олардың жаңашылдығының деңгейі қандай?» деген мәселелер ғалымдар арасында қайшы пікірлер тудырып келеді. Зерттеуші ғалымдардың пікірінше, неологизмдер тілде әр түрлі себептермен әртүрлі мақсаттар үшін пайда болады, олардың бір тобы зат пен көріністер туралы пікір алмасуда оларды белгілеу үшін пайда болса, екіншілері сөз шеберлері тарапынан стилистикалық мақсатта пайда болады. Орыс ғалымы Т.Н.Поповцева неологизмдерді жаналану дәрежесіне байланысты «*абсолютты және қатыстық*» деп екіге бөліп қарастырады. Қатыстық неологизмдерді кейде *функционалды неологизмдер не өзектіленген сөздер* деп те атайды [8,113].

Педагогикалық институттарға арналған (авторлары Е.М.Галкина-Федорук, К.В. Горошкова, Н.М.Шанский) «Современный русский язык» оқу құралында Н.М.Шанский неологизмдерді анықтайтын басты белгі ретінде оның пассив лексика қатарына жататынын атап көрсеткен. «Неологизмдер – бұл тілдің актив сөздік қорына енген және ешқашан кірмейтін сөздер» деп анықтама береді де, онан әрі бұл сөздер тілдің актив сөздік қорына кірсе неологизм болмай қалады деп көрсетеді. Демек бұл көзқарас бойынша, орыс тіліндегі кеңес дәуірінде пайда болған сөздер: *колхоз, совхоз*; Ұлы Отан соғысы кезіндегі жаңа сөздер: *истребитель, дзот, фашист*; ғарышты зерттеуге байланысты пайда болған: *космонавт, космостық корабль, ұшқыш-космонавт*; 90-жылдары неологизм болған: *нарықтық экономика, коммерция, фермер, президент* деген сөздердің бүгінгі күнде жаңа сөздер болып табылмайтынын айтуға болады. Ғалымның пікірінше, Пушкиннің, Салтыков-Шедриннің, Белинскийдің, Чеховтың және басқалардың индивидуалдық-стилистикалық мақсатта

жасалған өздеріне ғана тән, басқаларда кездеспейтін сөздері бүгінгі күні де неологизм болып қала береді. Демек, неологизм үшін оның таяу уақытта ғана пайда болуы шарт емес, оны уақытпен шектеуге болмайды [9,93].

Неологизм болу үшін, бірінші кезекте сөздің жаңашылдығы сезіліп тұруы керек. Бұл пікірді Е.М.Галкина-Федорук та қолдайды. «Неологизмдер – өздерінің жаңалығы сезіліп тұрғанға дейін ғана неологизм болып таныла алады» [10,129].

Неологизмдер пайда болу жолына, тілдегі тұрақтылығына, қолдану жиілігіне қарай әртүрлі болады. Біреулері уақыт өте келе тілдің актив қорына енсе, екінші біреулері қысқа уақыт ішінде қолданыстан шығып қалуы мүмкін. Неологизмдердің пайда болу жолдарына көбінесе сөзқұрау, конверсия және сөздердің мағынасының өзгеруі жатады. Неологизмдердің тілдегі өмір сүру ұзақтығы олардың қоғамдағы алатын орнына байланысты, басқаша айтқанда белгілі бір түсінікті атау барысында пайда болған неологизм қандай деңгейде қолданылады, ол сөздің қаншалықты синонимдері бар, жалпы практикада қолдану жиілігі қандай болатынына байланысты болмақ. Тілдік жүйеде жаңадан пайда болған неологизмдер біраз уақытқа дейін халықтық қолданыстан орын ала алмай жүреді және бірнеше вариантта болуы да мүмкін. Қолданыстың жиілігіне қарай олардың ішінде тілдің құрылымдық талаптарына жауап бере алатындары ғана кейіннен бірте-бірте тілдік жүйенің орталығына – негізгі сөздік қорға ауысады. Көптеген неологизмдер тілден біржолата жоғалып кетеді. Неологизм бүкіл халықтық қолданысқа ие болғаннан бастап ол сөз неологизм болуын тоқтатады. Демек, «белгілі бір уақыт шеңберінде актив лексика қатарына енбеген жаңадан пайда болған сөздерді ғана неологизм» деп айтайтын ғалымдар пікіріне біз де қосыламыз.

Әдетте жаңа сөздер мен сөз тіркестері пайда болғанда алдымен баспасөз беттерінде көрініс береді. Бұл халықтың жаңа сөздермен етене танысып, мағына-мәнін түсіне отырып, өз лексиконына енгізуіне, жиі пайдалануына септігін тигізеді. Орыс тіл білімінде баспасөздегі неологизмдерге байланысты зерттеулер де баршылық. Соның бірі А.В.Страмнойдың ғылыми еңбегінде орыс және француз баспасөзіндегі неологизмдерге талдау жасалады [11,11]. Неологизмдер жайындағы ой-пікірлер мен теориялық көзқарастарды Ф.И.Буслаев, В.П.Гак, В.Г.Костомаров, М.М.Покровский, Е.Д.Поливанов, А.А.Потебня, Л.П.Якубинский сияқты орыстың белгілі тілші-ғалымдары ғалымдарының еңбектерінен мол кездестіреміз.

Неологизмдердің ерекшеліктері мен белгілері, стилистикалық функциялары олардың терминологиялық және стилистикалық қасиеттеріне байланысты ажыратылады. Басқаша айтқанда, бұл қасиеттерді олардың қолдану мақсатына қарай, яғни бұрында қолданыста жүрген түсініктерді немесе заттарды басқа атаулармен атауға байланысты, сондай-ақ жаңадан пайда болған құбылыстар мен заттарға атау ретінде берілуіне байланысты ажыратамыз.

Сонымен, неологизм туралы орыс тіл білімінде бар бірсыпыра сөздіктердегі анықтамалар мен бірнеше ғалымдардың ғана пікірлеріне талдау жасай келе, неологизмдердің негізгі белгілері мен ерекшеліктері туралы төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Неологизмдер – қоғам дамуына байланысты пайда болған жаңа заттар мен құбылыстарды атауға арналған жаңа сөздер.
2. Неологизмдер – жалпыхалықтық қолданысқа енбеген кезде ғана жаңалығын сақтай алатын сөздер, яғни белгілі бір кезеңге дейін жаңалығы сезіліп тұратын стильдік ерекшелігі бар сөздер.
3. Неологизм сөздер жалпыхалықтық қолданыстан орын алып, сөздік қорға енген кезден бастап жаңалығынан айырылады.
4. Халық ортасынан шыққан көркем әдебиет авторларының, ғұламалардың еңбектерінде көрініс тапқан өздеріне ғана тән жаңа сөздер (оккозионал сөздер) үнемі жаңа сөздер – неологизмдер болып есептеледі.

Бұл тұжырымдар тек мақала көлеміне сай қарастырылған еңбектерге талдау барысында жасалып отырған, біздің болашақ ізденісіміздің кіріспесіне қажетті материал есебіндегі ғана пікіріміз.

Ал, жаңа сөздерді неологизм ретінде тану, олардың мағыналарына талдау жасау, пайда болу жолдарын айқындау, неологизмдердің қолданылу аясын анықтап, құрылысына талдау жасау, неологияны лингвистиканың жаңа саласы сапасында қарастыру қазіргі таңдағы басты мәселелердің бірі ретінде алдағы ғылыми ізденісіміздің арқауы болмақ.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Михельсон А.Д. Объяснительный словарь иностранных слов, вошедших в употребление в русском языке, с указанием их корней . М.: 1865.
- [2] Большая Советская энциклопедия. Т29. – М.: Сов.энцикл. 1956
- [3] Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов.– М.: Сов.энцикл., 1966.- 605 с.
- [4] Лопатин В.В. Рождение слова: неологизмы и окказиональные словообразования. – М.: Наука, 1973.- 151 с.
- [5] Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. – Москва: «Просвещение», 1985. – 339 с.
- [6] Лингвистический энциклопедический словарь (гл. редактор В.Н.Ярцева). – Москва: «СЭ», 1990. – 685 с.
- [7] Лыков А.Г. Современная русская лексикология (русское окказиональное слово). М. Высшая школа. 1976 г. 120 с.
- [8] Поповцева Т.Н., Котелова Н.З., Судоплатова М.Н., Герасимова Н.Г. Новое в русской лексике. Словарные материалы-79. Академия наук СССР, Русский язык, 1982.
- [9] Галкина-Федорук Е.М. Современный русский язык. Лексика. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1954.- 203с.
- [10] Странной А.В. Газетный текст как источник неологизмов (на материале русской и французской прессы): автореф. дис.... канд. филол. наук. – Волгоград, 2007.- 22 с.

REFERENCES

- [1] Mixel'son A.D. Ob'yasnitel'ny'j slovar' inostranny'x slov, voshedshix v upotreblenie v russkom yazy'ke, s ukazaniem ix kornej . M.: 1865.
- [2] Bol'shaya Sovetskaya e'nciklopediya. T29. M.: Sov.e'ncikl. 1956
- [3] Axmanova O.S. Slovar' lingvisticheskix terminov. M.: Sov.e'ncikl., 1966.- 605 s.
- [4] Lopatin V.V. Rozhdenie slova: neologizmy' i okkazional'ny'eslovoobrazovaniya. M.: Nauka, 1973.- 151 s.
- [5] Rozental' D.E', Telenkova M.A. Slovar'-spravochnik lingvisticheskix terminov. Moskva: «Prosveshhenie», 1985. 339 s.
- [6] Lingvisticheskij e'nciklopedicheskij slovar' (gl.redaktor V.N.Yarceva). Moskva: «SE'», 1990. – 685 s.
- [7] Ly'kov A.G. Sovremennaya russkaya leksikologiya (russkoe okkazional'noe slovo). M. Vy'sshaya shkola. 1976g. 120 s.
- [8] Popovceva T.N., Kotelova N.Z., Sudoplatova M.N., Gerasimova N.G. Novoe v russkoj leksike. Slovarny'e materialy'-79. Akademiya nauk SSSR, Russkij yazy'k, 1982.
- [9] Galkina-Fedoruk E.M. Sovremenny'j russkij yazy'k. Leksika. M.: Izd-vo Mosk. un-ta, 1954.- 203s.
- [10] Stramnoj A.V. Gazetny'j tekst kak istochnik neologizmov (na materiale russkoj i francuzskoj pressy'): avtoref. dis.... kand. filol. nauk. Volgograd, 2007. 22 s.

Г.А.Абенова

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

РУССКИЕ УЧЕНЫЕ О НЕЛОГИЗМЕ

Аннотация. Преобразования в общественной жизни имеют большое влияние на развитие языка. Достижения в науке и технике, социально-экономические преобразования порождают неологизмы, которые обозначают новые понятия. Статья посвящена сравнительному анализу взглядов русских ученых про неологизмов как особого вида словарного состава. Изучая точки зрения ученых делается выводы о признаках и пути возникновения неологизмов.

Ключевые слова: неологизм, неология, лексика, история языка, стилистическая функция неологизмов, конверсия, общенародное употребление.